



Сұлтанбек М., Шайзадаев Ұ.

**ҚАЗАҚ  
ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ  
АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ  
КӨЗҚАРАСТАРДЫҢ ДАМУ  
КӨРІНІСІ**

*В данной статье  
рассматривается развитие  
антропологических взглядов в  
казахской философии.*

*This article considers the  
developing views of anthropology  
of kazakh philosophy.*

Адамзаттың бүкіл тарихында қызық та қиын, шешімі түрлі жолдармен, әдістермен ізделген мәселенің бірі – адам проблемасы. Адам – қоғамның қозғаушы күші. Адам факторы өмірде шешуші роль атқарады. Сондықтан адам барлық заттың өлшемі, дүние мен өмір қызығы. Адам проблемасының шешілу жолы түрлі болған. Өйткені, адамзат болашағы – қоғам болашағы.

Адам саналы тұлға ретінде тарих барысында көптеген өзгерістерді басынан кешірді. Көне дәуірлердің өзінде адамдардың дүниетанымдық көзқарастарының қарапайым болмағанын аңғарамыз. Мифологиялық көзқарас діни мазмұндағы көзқарастар жаңа тұжырымдарды туындатты. Мифология адам санасының бастапқы жолын жан-жақты түсінуге көмектеседі.

Қазақ философиясын түзген даналар дүниетанымда антропологиялық идеялар басым болған. Бұл ойшылдар адамның өмірі, ішкі жан – сарайы, әсіресе этикалық дүниесі, адам болмысындағы әдеміліктер, жан – дүние жарасымдылығы, адамның келешегі жөнінде көптеген дүние қалдырғаны мәлім.

Әлемдік философияда адам мәселесі аз сөз болған жоқ, ол болмыс бітімі өзгеше қазақ халқында әуел бастан қаралған. Ертедегі діни наным- сенімдер анемизм, тотемизм, зороастризм, буддизм, шаманизм т.б. көбірек дамып, олар мифологиялық ертегілер түрінде өмір сүріп отырған. Міне сондықтан да халықтың зердесі философиялық ақыл – ойға дейінгі білім мен біліктің бірлігі, халықтың рухани болмысының өзегі деп қарастырылады.

Қазақ философиясы жан-жақты зерттелуде және де болашағы мол, танымдық аясы зор, тәлімдік-тәрбиелік мәні аса жоғары тамаша үрдіс болып табылады.

Адам баласы үшін мәңгілік өмір сүру адам жаратылысынан келе жатқан арман. Адамзат баласы жарық дүниені қимайды, бірақ өлім өз дегеніне жетеді. Пенде өлмек үшін тұмақ. Бұл – тәңірінің ісі. Фәни дүниеміз бақпай орнында қала бермек. Бұл жөнінде қазақ аңызы Қорқыт ата даналығы барысында тамаша хикаялар шертіп береді.

Философиялық антропология концепцияларының тарихи түзілу барысында қазақ философиясының орны ерекше. Қазақ философиясының ой толғанысының басты тірегі – адам мәселесі болды. Қазақ ойшылдарының пікірлерінше, мысалы: А.Құнанбаев, әр адамның табиғатының мүмкіндік болмысы шама-шарқы бар. Дүниенің көрінген, һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе адамның орны болмайды. Адамның кеңістігі шексіз, оның мүмкіншілігін біліп болмайсын. Себебі, онда ой-сана бар. Ж.Аймауытовтың ойынша адам өз



бойындағы абырой, ар-намыс, жауапкершілік, т.б. ізгі қасиеттерді сақтай отырып, кез-келген жағдайда тұра алады. Сондай-ақ ақын адамдардың ішкі рухани байлығын, адамгершілік қасиеттерімен қабілеттерін адамның ең жоғары құндылықтары ретінде қарастырған [1.53]. Батыс ойшылдарының пікірлері бойынша адам – абсолютті, нақты еркіндік қабілетке ие. Осы пікірлерімізді Шығыс философтарының, соның ішінде қазақ философтарының пайымдауымен салыстыра кетсек:

Әл-Фарабидің пікірінше адам - өз өмірінің қожасы, ол өз бақытын өзі жасауы жолында қиындықтардан қашпауы керек. Адамның көздеген мақсаттарына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айта келе, «Қайырымды қала тұрғындарының көз-қарасы туралы» атты еңбегінде қоғамды үш топқа бөліп көрсетеді. Үлкен қоғам – жер бетін мекендеуші барлық адамдардың жиынтығы. Орта қоғам – белгілі бір халық, тайпалар бірігеді. Кіші қоғамға қалалардың тұрғындары, отбасы мүшелері жатады. Философ қайырымды және қайырымсыз қала жағдайын, айналысатын кәсібін, тұрмыс салтын, өмір сүру ерекшеліктері мен құндылықтарын көрсетуге ұмтылады [2.62].

Ж.Баласағұн билікті адамдардың өз дәрежесінде бағаланбайтынын, олардың орнына надандардың жолы болып қоғам өміріндегі білім, адам тағдыры адамзаттық құндылықтар аяққа басылатындығын көрсетеді. Сондықтан ел башысы және оның қарамағындағы адамдар халықты қайырымдылық, рухани құндылық мұраттарына өзінің өнегелі ісімен ұйыта білу керек деп атап көрсетеді [3.243].

М. Қашқари өзінің жеке пайдасын ойлаған әкімдер, басшылар елге жақсылық жасай алмайды. Ол әкімдердің ел билеуде ақыл – парасат пен әділдікке, кішіпейілдікке үйір болуын талап етеді. Халыққа ізгі істермен, қайырымды қасиеттермен көріне алғанда ғана қарамағындағы халық сенім соңынан ерері анық деп үлкен сенім білдіреді [4.73].

Қ.А. Яссауи өз ойын сабақтай отырып, қоғам мен адам мәселелеріне айрықша назар аударады. Дүниені танып білу үшін, адам әр түрлі талаптарды орындауы керек. Яғни, «Өзіңді танығаның - ақиқатты танығаның» [5.21]. Тақыр жерге шөп шықпайтыны сияқты бұрын бұл салада ешқандай жұмыс істелмейді деп біржақтылыққа ұрынуға болмайды. Кенестік дәуірде де қазақ ойшылдарының көзқарасы туралы көптеген еңбектер жарық көрді.

Философиялық көзқарастың негізгі сұрағы материализм мен идеализмнің арасындағы күрес немесе жұмысшылар мен буржуазияның арасындағы қайшылықтар төңірегінде емес, адамның ғаламдағы орны туралы болып отыр. Адамзат аяқ басқалы отырған ХХІ ғасырда қоғамдық болмыстың барлық сферасында гумандық қарым-қатынастарды дамытып, қалыптастыру өмірлік мәні жоғары қажеттілікке айналуға. Оны іске асыру үшін адамның барлық мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Сондықтан адамды жүйелі түрде зерттеу мәселесі алдыңғы қатарға шығып отыр. Әрбір адам белгілі бір жаңа ортаға келуіне байланысты әлеуметтендіру процессінің негізгі объектісі болып табылады.

Қазақ халқының байырғы дүниетанымда қарым-қатынас, қауышу мәселелері жан-жақты қойылған және оның тарихи дәстүрлері ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, келесі ұрпаққа өсіп, қалыптасуына рухани негіз болған.

Қазақ халқы бүгінгі жаңа геосаяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістер жағдайында Батыс өркениетіне қарай икемделмей, керісінше батыс өркениеті мен мәдениетін өз қажетімізге қарай икемдей отырып, ұлттық болмысымызды сақтап қалуға ұмтылуымыз қажет.

Ерекше сипаттағы көшпелі мәдениет қазақ халқының рухани дүниетанымына, көзқарасына негіз болды. Жалпы, адам дүниені рухани теориялық және практикалық тұрғыдан да танып отырады. Таным процесінің бұл екі деңгейі де қазақ ұлттық танымынан орын алған. Дегенмен, қазақ философиясындағы адам мәселесі рухани практикалық тұрғыда кеңінен қойылды. Рухани – практикалық іс-әрекеттің өзегі қауышу мәселесі болып табылады. Қазақтың ұлттық ойлау жүйесінде оның үш түрлі қабаты орын алған және олар бір-бірімен өте тығыз байланысты дамып отырады. Олар табиғат және адам, адам және қоғам, адам және адам. Осы қарым – қатынастар жүйесі қазақ халқының дүниетанымдық негізін құрайды. Осы төңірегінде қазақ халқының ойлау мәдениеті қалыптасып, өзіндік философиясы дамыған. Жалпы қазақтың дүниетанымындағы адам мәселесі үш өте маңызды тұғырға сүйенген: Біріншісі, біз атап өткен қарым-қатынас, қауышу мәселесі. Екіншісі, тарихи дәстүр мәселесі. Үшіншісі, тәрбие мәселесі. Осы үш тұғыр төңірегіндегі адам проблемасы өрбіп отырған. Мұндағы басты мақсат адам мәселесін әр уақытта өз деңгейінде шешіліп отыруын айқындау болып отыр [6.107].

Қазақ халқының онтологиялық болмысынан заңды туындаған ерекше рухани мәдениетінің ішкі құрылысына бойлау және оның компонентті заңдылықтарын көрсету. Қазақ философиясы мен көне



шығыс және орта ғасырлық мұсылман философиясы арасындағы рухани сабақтастық адам мәселесінде көрініс таба білген.

Қазақ философиясында антропологиялық көшпелілердің өмір сүру болмысынан тиікелей туындаған өзіндік тереңді, биіктігі, ұлағаты, тәжірибесі бар рухани практикалық іс-әрекеті болып табылады. Оның қазіргі заманға өте қажетті көптеген сүбелі қабаттары бар. Табиғатты аялау, оны сақтап, қадірлеу, табиғат пен адам арасындағы біртұтастықты әрдайым еске ала отырып, кәсіби іс-әрекетті дамытып, өндіріс қатынастарын дамытып, кеңейту процесінде табиғи құбылыстардың өзіндік заңды ритмін ескеру.

Қазақ философиясын ғұлама даналар, билеріміз бен жырауларымыз қалыптастырған. «Көшпенділер философиясы» деп бұлардың қатарынан Доспамбет пен Шалкиізді, Бұқар жырау мен Махамбетті т.б. жатқызуға болады. Қазақ ойшылдарының қай қайсысын алсақ та, олардың сөзі мен ісінде адамгершілік кейпі мен өмір салтында алшақтық болмағанын мақтанышпен айта аламыз. Олардың болмысын күш-жігерін, парызы мен мақсатын ажыратып алған соң бүкіл өмірін, күш жігерін бойындағы дарындылығын, азаматтық борышын ақтауға жұмсалған.

Төрткүл дүниенің жұмбақ өмірдің түпкі мәнін терең ұғына білген кемеңгер, халқын ойлап қамжеген, болашағын болжай білген әулие, суырып салма ақын Асан қайғы өз өлеңінде:

«Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады  
Таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады  
Су түбінде жатқан тас жел толқытса шығады  
Ой түбінде жатқан сөз шер толқытса шығады» [7.25]

Сайын даланың данасы, хандар силап құрметтеген, сөйлегенде аузынан қара сөздің орнына жыр төгілген ақын дипломат, өз заманының ірі мемлекет қайраткері Бұқар жыру өз туындысында:

«Ілімді толық білсе де  
Қызығын қолымен бөлсе де  
Қызықты күні қырындап  
Қисынсыз күйге түссе дше  
Өмірге тоймас адамзат!  
Жақындап ажал тұрса да  
Жанына қылыш ұрса да  
Қалжырап көңілі қарайып  
Қарауытып көзі тұрса да,  
Үмітін қоймас адамзат!» [7.120].

Махамбет – шешен, көсем, әрбір сөзі ұранға тұрарлық жалынды жырау, елі үшін егескен, еңіреген ер, батыр.

«Боз ағаштан биік мен едім  
Бұлтқа жетпей шарт сынбан  
Ел құтқарар ер едім  
Жандаспай ақыры бір тынбан  
Томағалы сұңқар мен едім...» [7.205].

Қазақ даласында өсіп-өніп өркенін жайған рухани практикалық іс-әрекеттердің нәтижелері рухани теориялық іс-әрекеттерге сүйеу болған. Олардың әр қайсысы түрлі заман ағымына сай адам мәселесін қарастырып, бірін-бірі қайталамайтыны, бірақ бірінен-бірі туындап отыратын концепцияларды дүниеге келтірді. Әл-Фарабидің бақытты адамы, М.Әуезовтың жалғыз да биік адамдарында өз жалғасын тапты. Қазақ философиясындағы адам мәселесі ауқымы кең, тереңдігі мол, берер ұлағаты өміршең мәселе. Демек, М.Жұмабаев, Ғ.Мүсірепов, О.Бөкеев, Ж.Аймауытов осы сарында өз зертеуін күтіп отырған дара дарын иелері. Біз қарастырып өткен рухани практикалық тәжірибе және рухани – теориялық ізденістерден туындайтын төл шығармалар. Парадигмалар рухани жадаулықты басынан кешіріп отырған қазіргі қоғамымыздағы рухани өрлеуге тірек болатыны сөзсіз.

Шығыс ойшылы Әл-Кинди көзқарасында «Адамның ақыл-ойын субстанцияға негіздейді. Оны қарапайым субстанция ретінде қарастырады» [8.95]. Мұнан біз дара адамтектілердің өкілі, даралық адамдардың табиғи және әлеуметтік қабылданған қайталанбас ерекшеліктері мен қасиеттерге ие екенін көре аламыз. Адамның басты ерекшелігі – оның қайталанбас даралық сипатында. Адам өзінің құндылық сапасын білу үшін, өзінің даралық сипатын сақтай отырып, оны үнемі жетілдіріп отыруы керек. Оның бойындағы бұл қасиеті оның сапасын көрсетеді. Сол арқылы өзгелердің назарына ілініп,



төңірегіндегі адамдар оны сол ерекше қасиеті үшін құрмет тұтады. Демек, адам өмірін еш нәрсемен теңеуге болмайды. Өмір – адамға берілетін аса бағалы да, ең құнды сыйлық. Адам өмірі қызғылықты да қызықты, сонымен бірге ауыртпашылығы да бар кезеңдерге толы. Өмір-жұмбақ, өмір адамды өзін тірі жан екендігін сезінгеннен-ақ толғандырады. Адам өмірі үнемі қозғалыстағы ағып жатқан өзен іспеттес. Ал өмір үнемі өзгерісті талап етеді. Сол өмірде ол жақсылық пен бірге жамандықты да жасаушы өзі. Демек, үлкен шаттықты сезіне білсең, қайғы-қасіретті де сезіне білесің. Адамның өмір сүру барысындағы өзгерістерге түсуі, оның өмір сүруінің басты кепілі. «Өмір-күрес» деген қағидаға сүйене отырып, күрес тоқтаған жерде өмірдің алға қарай жылжымай тоқтап қалғанын түсінуге болады. Осы тұрғыда Абай:

«Өмір- мұхит, уақыт-толқын,  
Дүние-үлкен көл, заман-соққан жел,  
Алдыңғы толқын ағалар, артқы толқын інілер  
Кезекпенен білінер, баяғыдай көрінер» [9.25]

Шындығында өмір-ағыстағы өзен іспеттес екені анық. Жарық дүние үшін, кеңістік үшін күрес өмірдің мәні мен мазмұны болып келеді. Әрбір тіршілік иесі үшін күрес өмір сүрудің амалы күрестен қол үзген организм, мейлі ол өсімдік, мейлі ол жануар болсын, мейлі ол адам болсын өмірден де күдерін үзеді. Күрестің түрі мен шеңбері, тәсілі мен көлемі әр қилы болып келеді. Бірақ, түптің түбінде барлығының мәні бір, мына жарық дүниедегі өз орны үшін әрекет жасап отырады. Абай көзқарасында: «егер есті кісілер қатарында болғын келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасына бір мәрте, тіпті айына бір мәрте өз-өзіңнен есеп ал. Өмірді қалай өткіздің, не пайдалы іс істедің деген ойлармен өз-өзіңе бақылау жасап жүр» [10.17]. Демек, адам өзінің істеген ісіне бақылау жасай отырып, өз өмірінің мәні мен мағынасын жете түсінері анық. Адам баласы өз ісіне есеп бере отырып қана күнделікті күйбен тіршілікте өз орнын таба алары анық.

«Дүниеде не бар қымбат өмірден  
Өткіз оны көтеріңкі көңілмен  
Қастерлей біл,  
Қасиетін біле біл  
Өйткені ол,  
Бір-ақ рет берілген...» [9.17].

Адам өмірінің мәні, әрбір күні қайталанбас сан түрлі құбылыстарға толы. Адам өмірінің бағалылығы- олардың ұқсастығында емес, қайта бір-біріне ұқсамайтындығында, өзіндік ерекшелігінде. Оның өмір жолының құндылығы бақытты не бақытты еместігінде болып отыр. Өзінің тұлғалық бейнесін, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай, қоғамдық даму процесіндегі өзгерістерден артта қалып қоймағандығына тікелей байланысты. Абай философиясында: «Адам баласы жылаумен туады, күліп өледі» деген болатын [10.25]. Бұл сөздің астарында терең ойлы мазмұнмен көз жүгіртер болсақ, ауқымды философиялық ойдың жатқандығын аңғаруға болады. Өзгеріс үстіндегі өмір барысында адамзат баласы алдына терең де мағыналы мақсат қоя отырып, жете алуы әбден мүмкін.

Қорыта келгенде, қазіргі таңда қазақ ойшылдарының осы философиялық көзқарастарын негізге ала отырып, Батыс пен Шығыс дәстүріндегі адам мәселесінің құндылықтық өлшемін бүкіл қоғамның ең бойындағы асыл қасиеттерін, азаматтық борышын ақтауға жұмсағаны абзал.

#### Әдебиеттер:

1. Қасабеков А., Алтаев Ж. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. - А., 1998.
2. Бурабаев С., Кенесарин М., Қурманғалиев К. Проблема бытия и познания в философии аль-Фараби. - А., 1988.
3. Баласағұн Ж. Құтты білік. А., 1986.
4. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Ой. Ақыл. Адамгершілік. - А., 1994.
5. Абуов А. Мирозрение Ходжа Ахмета Ясави. - А., 1997.
6. Әбжанов Т., Нысанбаев Ә. Адамға қарай бет бұреак. - А., 2000.
7. Бейсенов Қ. Философия тарихы. - А., 1990.
8. Степанянц Т.М. Восточная философия. - М., 1997.
9. Абай шығармалары. - А., 1995.
10. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. - А., 1993.